



Ерте жыныстық қарым- қатынастың алдын алу

МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

(жоғары сынып қыздарына арналған шара)



*Жыныстық тәрбиесі – денсаулық,
әдеп, құқық, мәдениет пен
этикадан тұратын жеке
тұлғаның қалыптасу үдерісінің
маңызды бөлігі.*

Жыныстық тәрбие міндеттері:

- ❑ *Жасөспірімдердің денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру*
- *Жасөспірімдерді - жасөспірімдік кезеңінде болатын өзгерістер туралы ақпараттандыру*
- *Жыныстық қарым-қатынас мәселесінде саналы түрде шешім қабылдауды үйрету*
- *Жасөспірімдерде салауатты өмір салтына, отбасын жоспарлауға, ата-аналық міндетті түсінуге позитивті қарым-қатынас қалыптастыру.*
- *Жыныстық әрекетіне жауапты болуға, ерте жыныстық қатынасқа теріс көзқарас қалыптастыру.*

Ерте жыныстық қатынастың себептері:

- Тәжірибенің, білімнің, ақпараттың жетіспеушілігі
- Өзіне ортада сенімді болмағандықтан, «менін» жыныстық қ-қатынас арқылы дәлелдеу.
- Әлеуметтік жағдай
- Өзін ересек, тәуелсіз сезінуге деген құштарлық
- Жылулық, түсінушілік сезімнің жетіспеушілігі
- Бір-бірін ренжітіп, не жоғалтып аламын деген қорқыныш

■ Психологтардың зерттеу қорытындыларынан:

Ерте жыныстық қарым-қатынас жеткіншектерді күйзеліс пен суицидке әкелетінін көрсетті. Ғалымдар, ерте жыныстық қатынас баяу әсер ететін мина тәріздес, білмей қолданғанда жеткіншектердің психикасына кері әсер етуі мүмкін, деп көрсетеді

Сізге ерте жыныстық қарым-қатынастан бас тартуға не көмектеседі?

Өзінді сыйлау, жеке өмірлік принциптердің, мақсаттың болуы

Нақты шешім қабылдау және өз шешіміңде қатаң тұру

Өзара қарым-қатынастың шекараларын алдын ала белгілеп алу.

Басынан шындықты айту, шынайы қарым-қатынасты қалау

Түсініксіздік пен арандатушылыққа жол бермеу (киіміңіз бен мінез-құлқыңыздың сәйкестігі).

Белсенді өмір салтын ұстану, шығармашыл болу, позитивті адамдармен араласу

Табанды болу, бірақ дерекілік танытпау

Жыныстық қарым-қатынасқа «ИЯ» не «ЖОҚ» деп айтудың 10 себебі



«ИЯ» себептері

- Өзінін махаббатын дәлелдеу
- Қатынастың үзілуінен қорқу
- Қызығушылық
- Тәжірибесі бар достарына қалмау.
- Үйленуге сөз беру
- Ақша немесе сыйлық беру
- Қысым корсету
- Екіжақтық келісім
- Ляззат алу





ЖОҚ себептері

- Өзінің сезімін басқа жақтармен корсету
- Жыныстық қатынастың басталуы достықты бұзады
- Отбасындағы тәрбие
- Басқаларға ұқсағысы келмеу
- Дайын болмау
- Сай келмейтін адам
- Жұқпалы аурулардан қорқу
- Жүктіліктен қорқу
- Көңілінің қалуы

Қалайша, жыныстық қарым-қатынастан бас тарту керек

- **Бас тарт:** қатаң түрде жоқ деп айт! Қажет болса кетіп қал.
- ЖОҚ, рақмет!
- Мен қаламаймын!
- Мен кетемін!
- Бұндай қарым-қатынас маған ұнамайды!





Шешімді кейінге қалдыру

- басқаны ұсын;
- дайын емеспін;
- кейінірек сөйлесейік;
- ойланамын;



Жүкті болған қыз балалар не істерін білмей күйзеліске беріледі. Жас әкелер әдетте шеттеніп, «өзің шеш» деп кетіп қалады. Өзін кінәлі сезінген қыз шеттенеді. Аборт жылғыз жол болып көрінеді. Ал аборт көптеген гинекологиялық ауруларға тіпті бедеулікке әкеледі. Аборттың алдын-алудың бірден-бір жолы-контрацепция.

Түсіктен кейінгі асқынулар:

***Бедеулік**

***Жатыр мен жатыр мойны
қабырғасының зақымдануына
байланысты жүктілікті
көтереалмаушылық дамуы**

***Қан кету**

***Түсік тастау қаупі**

***Мезгілінен бұрын босану**

Ерте жүктіліктің алдын-алу жолдары

-ата-аналармен,маманмен сенімді қарым-қатынас орнату, жиірек әңгімелесу, қаламаған жүктілікті болдырмау әдістерімен танысу.

-жыныстық тәрбие жайлы көбірек әдебиеттер оқу, білімін арттыру

-өзіне сұрақ қою:осындай өмірге дайынмын ба? Менің мақсатым қандай?бала көтере аламын ба? Оған дұрыс тәрбие бере аламын ба?